- тұрақсыз стенокардияны және ST сегментінің көтерілуінсіз жедел миокард инфарктісін ацетилсалицил қышқылын пероральді қабылдаумен біріктірілімде емдеу.
- ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісін емдеу, оның ішінде дәрі-дәрмектік немесе кейіннен тері арқылы коронарлық араласу (ТКА) көмегімен емдеуге жататын пациенттерде.

## **4.2 Дозалау режимі және қолдану тәсілі**

### **Дозалау режимі**

*Пациенттерде орташа немесе жоғары қауіпті хирургиялық араласулар кезіндегі вена тромбоэмболиясы ауруларының профилактикасы*

- Тромбоэмболия қаупі орташа пациенттерде ұсынылатын натрий эноксапаринінің дозасы тері астына тәулігіне бір рет 2 000 ХБ (20 мг) құрайды. Қауіптілігі орташа хирургиялық араласуларда 2 000 ХБ (20 мг) натрий эноксапаринімен емнің операцияға дейін басталуының (хирургиялық араласудан 2 сағат бұрын) тиімділігі мен қауіпсіздігі дәлелденген.

- Қаупі орташа пациенттерде натрий эноксапаринімен емдеуді сауығу статусына (қозғалыс функциясына) байланыссыз кемінде 7-10 күн бойы жалғастыру керек. Профилактиканы пациенттің қозғалыс белсенділігінде елеулі шектеу сақталып тұрғанға дейін жалғастыру қажет.

- Тромбоэмболияның даму қаупі жоғары пациенттерге натрий эноксапаринінің ұсынылатын доза тері астына тәулігіне 1 рет 4 000 ХБ (40 мг) құрайды, оны хирургиялық араласудан 12 сағат бұрын енгізген дұрыс. Натрий эноксапаринімен операцияға дейінгі профилактикалық емдеуді операцияға дейін 12 сағаттан ерте бастау қажет болған жағдайда (мысалы, кейінге қалдырылған ортопедиялық операцияны күткен жоғары қауіптегі пациент), соңғы инъекция операцияға 12 сағат қалған уақыттан кешіктірмей енгізілуі тиіс және инъекциялар операциядан кейін 12 сағаттан соң қайта жаңғыртылады.

- Ауқымды ортопедиялық операция жасалған пациенттер үшін 5 аптаға дейін ұзартылған тромбопрофилактика ұсынылды.

- Қатерлі жаңа түзілім себебінен құрсақ қуысы ағзаларына немесе жамбас мүшелеріне операция жасалған вена тромбоэмболиясының даму қаупі жоғары пациенттер үшін 4 аптаға дейін ұзартылған тромбоздар профилактикасы ұсынылды.

*Терапиялық пациенттердегі вена тромбоэмболиясы ауруларының профилактикасы*

Натрий эноксапаринінің ұсынылған дозасы 4 000 ХБ (40 мг) құрайды, тәулігіне 1 рет тері астына инъекция жолымен енгізіледі.

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Натрий эноксапаринімен емдеу сауығу статусына (қозғалыс функциясына) байланыссыз кемінде 6-14 күн қолданылады. Қазіргі таңда ұзақтығы 14 күннен астам профилактикалық емнің пайдасы туралы деректер жоқ.

*Терең веналар тромбозын (ТВТ) және өкпе артериясының тромбоэмболиясын (ӨАТЭ) емдеу*

Натрий эноксапарині тері астына тәулігіне бір рет 150 ХБ/кг (1.5 мг/кг) дозада немесе тәулігіне екі рет 100 ХБ/кг (1 мг/кг) дозада енгізіледі.

Режимді дәрігер тромбоэмболиялық асқынулар қаупін және қан кету қаупін бағалауды қоса, әркімге жеке баға беру негізінде таңдауы тиіс.

Вена тромбоэмболиясының қайталану қаупі төмен, асқынулары жоқ пациенттерге тәулігіне бір рет 150 ХБ/кг (1.5 мг/кг) доза қолдану керек. Семіздігі, симптоматикалық ӨАТЭ, қатерлі жаңа түзілімі, қайталанған вена тромбоэмболиясы немесе проксимальді тромбозы (мықын венасының тромбозы) бар пациенттер сияқты, басқа пациенттердің бәріне тәулігіне екі рет 100 ХБ/кг (1 мг/кг) доза қолдану керек.

Емдеу ұзақтығы 10 күннен аспауы тиіс. Қажет болса, пероральді антикоагулянттық емді бастау керек (4.2 бөлімінің соңынан «Натрий эноксапаринінен пероральді антикоагулянттарға ауысуды» қараңыз).

*Гемодиализ кезіндегі тромб түзілу профилактикасы*

Натрий эноксапаринінің ұсынылған дозасы 100 ХБ/кг (1 мг/кг) құрайды. Қан кетудің жоғары даму қаупімен гемодиализде жүрген пациенттерде доза 50 ХБ/кг (0.5 мг/кг) (тамыр арқылы қосарлы енгізу жолы) немесе 75 ХБ/кг (0.75 мг/кг) (тамыр арқылы дара енгізу жолы) дейін азайтылуы тиіс.

Гемодиализ кезінде натрий эноксапаринін диализ сеансы басталғанда диализдік шунттың артериялық бөлігіне енгізеді. Бұл доза, әдетте, 4 сағатқа созылатын гемодиализ сеанстары үшін тиімді. Алайда, фибрин сақиналары анықталғанда, мысалы, әдеттегіден ұзағырақ сеанстан соң тағы да 50-100 ХБ/кг (0.5-1 мг/кг) дозаны қосымша енгізуге болады.

Натрий эноксапаринін гемодиализ сеанстары кезінде де және профилактика немесе емдеу үшін қолданған пациенттер жөнінде деректер жоқ.

*Жедел коронарлық синдром: тұрақсыз стенокардияны және ST сегментінің көтерілуінсіз миокард инфарктісін емдеу және ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісін емдеу*

Тұрақсыз стенокардияны және ST сегментінің көтерілуінсіз миокард инфарктісін емдеуге тері астына антиромбоцитарлық еммен біріктірілімде тәулігіне екі рет 12 сағат аралықпен ұсынылатын доза 100 ХБ/кг (1 мг/кг) эноксапарин құрайды.

Емдеуді кем дегенде 2 тәулік бойы демеп тұру және клиникалық тұрақтануға дейін жалғастыру керек. Емнің орташа ұзақтығы 2-ден 8 күнге дейінді құрайды.

Қарсы көрсетілімдері жоқ пациенттердің бәріне бастапқы пероральді жүктеме 150-300 мг дозада (бұрын ацетилсалицил қышқылын алмаған пациенттерде) және емдеу

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

стратегиясына байланыссыз, ұзақ мерзімге күніне 75-325 мг демеуші дозада ацетилсалицил қышқылымен емдеуді бастау ұсынылады.

ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісін емдеуге ұсынылатын натрий эноксапаринінің дозасы бір реттік венаішілік (IV) болюстік 3 000 ХБ (30 мг) дозасын, 100 ХБ/кг (1 мг/кг) теріастылық дозамен үйлесімдегі түрінде болады, одан кейін тері астына 100 ХБ/кг (1 мг/кг) дозаны әр 12 сағат сайын енгізеді (ең жоғарысы 10 000 ХБ (100 мг) алғашқы екі теріастылық дозалардың әрқайсысына).

Қарсы көрсетілімдер болмаса, пероральді ацетилсалицил қышқылы түрінде (тәулігіне бір рет 75 мг-325 мг) бір мезгілде тиісті антитромбоцитарлық ем қолдану қажет. Ұсынылатын емдеу ұзақтығы – 8 күн немесе ауруханаға 8 күннен аз жатқызылғанда пациенттің стационардан шығарылуына дейін. Тромболитикпен (фибриноспецификалық немесе фибриноспецификалық емес) бір мезгілде қолданғанда натрий эноксапаринін фибринолиздік ем басталардан 15 минут пен одан кейінгі 30 минут аралығында енгізу керек.

*-«Пациенттердің ерекше топтары» бөлімінен 75 жастан асқан пациенттердегі препараттың дозасы туралы ақпаратты қараңыз.*

*-Тері арқылы коронарлық араласу жасалған пациенттер:*

- егер эноксапариннің тері астына салатын соңғы инъекциясы ангиопластикаға дейін 8 сағаттан аз уақыт бұрын енгізілсе, қосымша инъекция қажет емес,

- егер тері астына соңғы инъекцияны салған сәттен ангиопластикаға дейін 8 сағаттан көп уақыт өтсе, 30 ХБ/кг (0.3 мг/кг) натрий эноксапаринін вена ішіне болюсті енгізу қажет.

### **Пациенттердің ерекше топтары**

#### *Балалар*

Натрий эноксапаринінің қауіпсіздігі мен тиімділігі балаларда және 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерде анықталмаған.

#### *Егде жастағы пациенттер*

ST сегментінің көтерілуімен миокард инфарктісінен басқа, барлық көрсетілімдер бойынша, бүйрек функциясы бұзылмаған жағдайда, егде жастағы пациенттерде дозаны азайту қажет емес (4.4 бөлімді қараңыз).

75 жастан асқан егде жастағы пациенттерде ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісін емдеу үшін вена ішіне бастапқы болюсті инъекцияны енгізуге болмайды. 75 ХБ/кг (0.75 мг/кг) бастапқы доза әр 12 сағат сайын тері астына енгізілуі тиіс (тек алғашқы екі теріастылық доза үшін көп дегенде 7500 ХБ (75 мг), одан кейін қалған дозалар үшін тері астына 75 ХБ/кг (0.75 мг/кг) енгізіледі). Бүйрек функциясының бұзылуы бар егде жастағы пациенттерге ұсынылатын дозасын төменнен «бүйрек жекіліксіздігі» бөлімінен қараңыз (4.4 бөлімді қараңыз).

#### *Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер*

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер (5.1 және 5.2 бөлімдерді қараңыз) туралы деректер шектеулі, сондықтан осы пациенттерде сақтық шарасын қадағалау керек (4.4 бөлімді қараңыз).

*Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер* (4.4 және 5.2 бөлімдерді қараңыз).

*Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі*

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Натрий эноксапарині бүйрек жеткіліксіздігінің терминалдық сатысындағы (креатинин клиренсі <15 мл/мин) пациенттерге, гемодиализ кезінде экстракорпоральді қанайналымы барысында тромб түзілуінің профилактикасын қоспағанда, осы қауымдағы деректердің болмауына орай қолдануға ұсынылмайды.

**Бүйрек функциясының ауыр бұзылуы бар (креатинин клиренсі 15-30 мл/мин) пациенттер үшін препаратты дозалау кестесі:**

Көрсетілімдер	Дозалау режимі
Вена тромбоэмболиясы ауруының профилактикасы	2 000 ХБ (20 мг) тәулігіне бір рет тері астына
Терең веналар тромбозын және өкпе артериясының тромбо-эмболиясын емдеу	100 ХБ/кг (1 мг/кг) дене салмағына тәулігіне бір рет тері астына
Тұрақсыз стенокардияны және ST сегментінің көтерілуінсіз миокард инфарктісін емдеу	100 ХБ/кг (1 мг/кг) дене салмағына тәулігіне бір рет тері астына
ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісін емдеу (75 жасқа дейінгі пациенттер)	1 x 3 000 ХБ (30 мг) венаішілік болюстік инъекцияға қоса 100 ХБ/кг (1 мг/кг) дене салмағына тері астына және одан кейін 100 ХБ/кг (1 мг/кг) дене салмағына тері астына әр 24 сағат сайын
ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісін емдеу (75 жастан асқан пациенттер)	Венаішілік болюссіз, 100 ХБ/кг (1 мг/кг) дене салмағына тері астына және одан кейін 100 ХБ/кг (1 мг/кг) дене салмағына тері астына әр 24 сағат сайын

Ұсынылған дозалау режимі гемодиализ жағдайларына қатысты емес.

*Жеңіл және орташа ауырлық дәрежесіндегі бүйрек жеткіліксіздігі*

Орташа бүйрек жеткіліксіздігі (креатинин клиренсі 30-50 мл/мин) немесе жеңіл бүйрек жеткіліксіздігі (креатинин клиренсі 50-80 мл/мин) бар пациенттерде дозаны түзету талап етілмейді, бірақ мұқият клиникалық мониторинг ұсынылады.

#### **Қолдану тәсілі**

Препаратты бұлшықет ішіне енгізуге болмайды.

Хирургиялық операциядан кейінгі вена тромбоэмболиясының профилактикасы, ТВТ және ӨАТЭ, тұрақсыз стенокардияны және ST сегментінің көтерілуінсіз миокард инфарктісін емдеу үшін натрий эноксапарині тері астына енгізілу керек.

- ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісінде емдеу вена ішіне бір болюсті инъекциядан басталу керек, одан кейін бірден тері астына инъекция жасалады
- гемодиализ жүргізілгенде экстракорпоральді қанайналым жүйесінде тромб түзілуінің алдын алу үшін препарат диализдік контурда артериялық желі арқылы енгізіледі.

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Алдын ала толтырылған бір реттік шприц кідіріссіз пайдалануға дайын.

- *Венаішілік (болюсті) инъекция (тек ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісі кезіндегі көрсетілім үшін):*

ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісінде емдеу вена ішіне бір болюсті инъекциядан басталу керек, одан кейін бірден тері астына инъекция жасалады. Натрий эноксапаринін вена ішіне енгізу керек. Оны басқа дәрілік препараттармен араластыруға немесе бір мезгілде енгізуге болмайды. Натрий эноксапаринінің басқа дәрілік препараттармен араласу мүмкіндігін болдырмау үшін, натрий эноксапаринін вена ішіне болюсті инъекциялау алдында немесе одан кейін дәрілік препарат арнасын тазалау үшін венаішілік енгізу жолын жеткілікті мөлшердегі физиологиялық ерітіндімен немесе декстроза ерітіндісімен жуып-шаю керек. Натрий эноксапаринін физиологиялық ерітіндімен (0.9%) немесе 5% декстроза ерітіндісімен қауіпсіз енгізуге болады.

- Бастапқы болюсті доза 3 000 ХБ (30 мг)

Бастапқы болюсті дозаны 3 000 ХБ (30 мг) енгізу үшін натрий эноксапаринімен алдын ала толтырылған бөліктерге бөлінген шприцті пайдаланыңыз, артық көлемін шығарып тастаңыз және шприцте тек 3 000 ХБ (30 мг) қалдырыңыз. Енді 3 000 ХБ (30 мг) дозаны тамшылатқышқа тікелей енгізуге болады.

- Тері астына соңғы енгізу ангиопластикаға дейін 8 сағаттан көп уақыт бұрын жүргізілгенде тері арқылы коронарлық араласу (ТКА) кезіндегі қосымша болюс.

Егер тері астына соңғы енгізу ангиопластикаға дейін 8 сағаттан көп уақыт бұрын орындалса, тері арқылы коронарлық араласу жасалған пациенттер үшін қосымша вена ішіне 30 ХБ/кг (0.3 мг/кг) болюс енгізіледі.

Енгізілетін шағын көлем дәлдігін қамтамасыз ету үшін препаратты 300 ХБ/мл (3 мг/мл) концентрациясына дейін сұйылту ұсынылады.

6 000 ХБ (60 мг) натрий эноксапарині алдын ала толтырылған шприцті пайдаланып, 300 ХБ/мл (3 мг/мл) ерітінді концентрациясын алу үшін 50 мл инфузиялық қалтаны (яғни, кәдімгі физ. ерітіндімен (0.9%) немесе 5% декстроза ерітіндісімен) келесі үлгіде пайдалану ұсынылады:

Шприц көмегімен инфузиялық қалтадан ішіндегі 30 мл шығарылып тасталады.

6 000 ХБ (60 мг) натрий эноксапарині алдын ала толтырылған шприцтің бүкіл ішіндегісі қалтада қалған 20 мл қалған ерітіндіге енгізіледі. Қалта ішіндегісін абайлап араластырады. Шприц көмегімен тамшылатқышқа енгізу үшін сұйылтылған ерітіндінің қажетті көлемін шығарып алады. Сұйылту аяқталған соң енгізілетін көлемді мына формуланы пайдаланып есептеуге болады: [Сұйылтылған ерітінді көлемі (мл) = Пациент салмағы (кг) x 0.1] немесе төменде берілген кестені пайдаланады.

Ерітіндіні тура пайдаланар алдында дайындау ұсынылады. Сұйылтудан соң тамшылатқыш арқылы енгізілген көлемнің соңғы концентрациясы 300 ХБ (3 мг)/мл болады.

Салмағы	Қажетті доза 30 ХБ/кг (0.3 мг/кг)	Соңғы концентрацияға дейін сұйылтылған 300 ХБ (3 мг)/мл енгізілетін көлем
---------	---	--

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

[кг]	МЕ	[мг]	[мл]
45	1350	13.5	4.5
50	1500	15	5
55	1650	16.5	5.5
60	1800	18	6
65	1950	19.5	6.5
70	2100	21	7
75	2250	22.5	7.5
80	2400	24	8
85	2550	25.5	8.5
90	2700	27	9
95	2850	28.5	9.5
100	3000	30	10
105	3150	31.5	10.5
110	3300	33	11
115	3450	34.5	11.5
120	3600	36	12
125	3750	37.5	12.5
130	3900	39	13
135	4050	40.5	13.5
140	4200	42	14
145	4350	43.5	14.5
150	4500	45	15

• *Артериялық магистральға енгізу:*

Гемодиализ жүргізілгенде экстракорпоральді қанайналым жүйесінде тромб түзілуін болдырмау үшін натрий эноксапарині диализдік контурда артериялық магистраль арқылы енгізіледі.

*Натрий эноксапаринінен пероральді антикоагулянттарға және керісінше ауысу*

- *Натрий эноксапаринінен К дәрумені антагонистеріне (КДА) және керісінше ауысу:* КДА әсерін бақылау үшін клиникалық мониторинг пен зертханалық тестілерді [халықаралық қалыптасқан қатынас (ХҚК) ретінде өрнектелген протромбин уақыты] аса мұқият жүргізу қажет. КДА өзінің ең жоғары әсеріне жеткенше қандай да бір уақыт аралығы өтетіндіктен, натрий эноксапаринімен емді тұрақты дозада екі бірізді тестілердегі қажетті емдік диапазон шегінде ХҚК сақталуына қанша қажет болса, сонша жалғастырған жөн.

Осы сәтте КДА алып жүрген пациенттер КДА қабылдауды тоқтатып, ал натрий эноксапаринінің бірінші дозасын ХҚК емдік диапазоннан төмен түскен уақытта беру керек.

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- Натрий эноксапаринінен тікелей әсер ететін пероральді антикоагулянттарға (ТПАК) және керісінше ауысу: Осы сәтте натрий эноксапаринін алып жүрген пациенттер натрий эноксапаринін қабылдауды тоқтатып, ал ТПАК қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес натрий эноксапаринін келесі жоспарлы енгізу басталатын уақыттан 0-2 сағат бұрын ТПАК емін бастау керек.

- Жұлын/эпидуральді анестезия немесе люмбальді пункция кезінде енгізу

Егер дәрігер эпидуральді немесе жұлындық анестезия/анальгезия немесе люмбальді пункция шеңберінде антикоагулянттар енгізу шешімін қабылдаса, нейроксиальді гематомалардың даму қаупімен байланысты мұқият неврологиялық мониторинг ұсынылады (4.4 бөлімді қараңыз).

- *Профилактикалық дозалар*

Натрий эноксапаринінің профилактикалық дозасын соңғы енгізу мен инені немесе катетерді орнату арасында кем дегенде 12 сағат уақыт аралығы сақталуы тиіс.

Үздіксіз емшаралар кезінде катетерді шығарып алуды да 12 сағат өткен соң барып жүргізген дұрыс. Креатинин клиренсі 15-30 мл/мин пациенттерде пункция жасау/катетерді орнату немесе оны шығарып алуды жүргізу алдындағы осы уақыт аралығының 24 сағатқа дейін екі еселенуін сақтау керек. 2 000 ХБ (20 мг) натрий эноксапаринін (операция басталуынан 2 сағат бұрын) операция алдында қолдану нейроксиальді анестезиямен үйлесімсіз.

- *Емдік дозалар*

Натрий эноксапаринінің емдік дозасын соңғы енгізу мен инені немесе катетерді орнату арасында кем дегенде 24 сағат уақыт аралығы сақталуы тиіс (4.3 бөлімді қараңыз).

Үздіксіз емшаралар кезінде катетерді шығарып алуды да 24 сағаттан ерте жүргізбеген дұрыс.

Креатинин клиренсі 15-30 мл/мин пациенттерде пункция жасау/катетерді орнату немесе шығарып алуды жүргізу алдындағы осы уақыттың кем дегенде, 48 сағатқа дейін екі еселенуін сақтау керек.

Тәуліктік дозаларын (яғни, тәулігіне екі рет 75 ХБ/кг (0.75 мг/кг) немесе тәулігіне екі рет 100 ХБ/кг (1 мг/кг)) қабылдап жүрген пациенттер катетерді орнату немесе шығарып алу алдында жеткілікті уақыт аралығын қамтамасыз ету үшін натрий эноксапаринінің екінші дозасын өткізіп жіберуі тиіс.

Осы уақыт өткеннен кейін анти-Ха деңгейлері әлі де анықталады, ал бұл нейроксиальді гематоманы жоққа шығаруға кепіл бола алмайды.

Алайда, катетерді шығарып алғаннан кейін натрий эноксапаринінің келесі дозасын енгізу уақыты бойынша нақты ұсынымдар беру мүмкін болмағанымен, жұлын/эпидуральді пункциядан кейін немесе катетер шығарып алынғаннан кейін кемінде 4 сағаттық аралық өткенге дейін натрий эноксапаринін қолданудан аулақ болу керек. Аралық тромбоз қаупін, сондай-ақ жұлын-ми емшараларын жүргізу кезінде қан кету қаупін ескере отырып, әрі пациенттің қауіп факторларын ескерумен, пайда-қауіп бағалауға негізделуі тиіс.

*Тері астына енгізу техникасы*

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- Препарат инъекциясын жатқан күйде орындаған дұрыс. Натрий эноксапаринін тері астына тереңдете енгізеді.

Алдын ала толтырылған 20 немесе 40 мг шприцтерді пайдаланған жағдайда препаратқа шығын келтірмеу үшін инъекция алдында шприцтен ауа көпіршіктерін шығармау керек. Енгізілетін препараттың мөлшері пациенттің дене салмағына қарай түзетуді талап еткен кезде, препараттың артық мөлшерін енгізер алдында алып тастап, талап етілетін көлемге жету үшін градуирленген алдын ала толтырылған шприцтерді пайдалану қажет. Кейбір жағдайларда шприцтегі бөліктерге байланысты дәлме-дәл дозаға жету мүмкін емес екенін ескеріңіз және мұндай жағдайда көлемі жақын бөлікке дейін дөңгелектенеді.

Инъекцияны пациентке іштің құрсақ жақтауының алдыңғы бөлігінде біресе сол жақ, біресе оң жақ алдыңғы бүйірдегі немесе артқы бүйірдегі қабырғасына кезек жүргізу керек. Инъекция жүргізгенде инені бүкіл ұзына бойына қолдың сұқ саусағы мен бас бармағының арасына қысқан терінің қатпарына перпендикуляр енгізген жөн. Бүкіл инъекция барысында терінің осы бөлігі саусақтар арасына қысылып тұруы тиіс.

Препаратты енгізгеннен кейін инъекция орнын уқаламау керек.

Автоматты қорғаныс жүйесімен жабдықталған, алдын ала толтырылған шприцтер бойынша ескерту: қауіпсіздік жүйесі инъекция соңында іске қосылады. Өз бетінше енгізген жағдайда пациент осы дәрілік заттың қаптамасына салынған қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген нұсқауларды орындауы тиіс.

### **4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- эноксапаринге, гепаринге немесе төмен молекулалы гепариндердің (ТМГ) басқа түрлерін қоса, оның туындыларына немесе 6.1 бөлімде аталған қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық
- анамнезінде соңғы 100 күн ішінде ауыр, иммунитетке байланысты гепарин-индукцияланған тромбоцитопенияның (ГИТ) болуы немесе айналымда антиденелер болғанда (4.4 бөлімді қараңыз)
- белсенді клиникалық мәнді қан кетулер және қан кету қаупі жоғары басқа жай-күйлер, оның ішінде: таяуда өткерген геморрагиялық инсульт, асқазан-ішек жолының ойық жаралы ауруы, қан кету қаупі жоғары қатерлі жаңа түзілімнің болуы, миға, омыртқаға таяуда жасалған хирургиялық операция немесе офтальмологиялық операция, өңеш веналарының варикозды кеңеюі (немесе оған күмән болуы), туа біткен артерия-вена ақауы, тамырлар аневризмалары немесе ірі омыртқаішілік немесе миішілік тамырлар аномалиялары
- натрий эноксапаринін алдыңғы 24 сағат бойы емдеуге қолдану кезіндегі жұлындық немесе эпидуральді анестезия немесе жергілікті аймақтық анестезия (4.4 бөлімді қараңыз).

### **4.4 Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтандыру шаралары**

*Жалпы ақпарат*

Натрий эноксапаринін басқа төмен молекулалы гепариндермен өзара алмастыру ретінде (бірлігіне бірлігін) пайдалануға тыйым салынады. Бұл дәрілік препараттар

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

өндіру үдерісі, молекула салмағы, спецификалық анти-Ха белсенділігі және анти-IIa белсенділігі, дозалау бірліктері, дозалау режимі және клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігі бойынша өзгешеленеді. Бұл олардың фармакокинетикасындағы және биологиялық белсенділігіндегі (мысалы, тромбинге қарсы белсенділік және тромбоциттермен өзара әрекеттесу) айырмашылықтарға алып келеді. Сондықтан ерекше назар аудару және әр дәрілік препарат үшін спецификалық қолдану жөніндегі нұсқаулықты қадағалау талап етіледі.

*Анамнездегі гепарин-индукцияланған тромбоцитопения (>100 күн)*

Натрий эноксапаринін анамнезінде соңғы 100 күн ішінде иммунитетке байланысты гепарин-индукцияланған тромбоцитопениясы (ГИТ) бар пациенттерде немесе айналымда антиденелер болғанда қолдану қарсы көрсетілді (4.3 бөлімді қараңыз). Айналымдағы антиденелер бірнеше жыл бойы сақталуы мүмкін.

Натрий эноксапаринін анамнезінде айналымдағы антиденелерсіз гепарин-индукцияланған тромбоцитопения (>100 күн) туралы мәліметтер бар пациенттерде ерекше сақтықпен қолдану керек. Натрий эноксапаринін осындай жағдайда қолдану шешімі пайда мен қауіп арақатынасын мұқият бағалаудан кейін және баламалы гепариндік емес ем түрін (мысалы, натрий данапароиды немесе лепирудин) қолдану мүмкіндігін қарастырудан кейін ғана қабылдануы тиіс.

*Тромбоциттер санын мониторингтеу*

Төмен молекулалы гепариндер енгізілгенде антиденеге байланысты гепарин-индукцияланған тромбоцитопения қаупі де бар. Әдетте, тромбоцитопения натрий эноксапаринімен емдеудің басталуынан кейін 5-ші және 21-ші күндер аралығындағы кезеңде туындайды.

Гепарин-индукцияланған тромбоцитопения дамуының қаупі операциядан кейінгі пациенттерде, көбінесе жүрекке операциядан кейін және қатерлі жаңа түзілімі бар пациенттерде жоғары.

Сондықтан, натрий эноксапаринімен емнің басталуына дейін және одан әрі емдеу кезінде жүйелі түрде тромбоциттер санын өлшеу ұсынылады.

Гепарин-индукцияланған тромбоцитопенияны көрсететін клиникалық симптомдар (артерия және/немесе вена тромбозының кез келген жаңа көрінісі, инъекция енгізген жердегі терінің кез келген ауырсынулы зақымдануы, емдеуге кез келген аллергиялық немесе анафилаксиялық реакциялар) бар болса, тромбоциттер санын өлшеу қажет. Пациенттер осы симптомдардың туындауы мүмкін екенінен хабардар болуы тиіс, ал егер олар пайда болса, пациенттер бұл жөнінде өзінің емдеуші дәрігеріне мәлімдеуі тиіс.

Тәжірибеде, егер тромбоциттер санының расталған елеулі төмендеуі орын алса (бастапқы мәнінен 30-50%), натрий эноксапаринімен емдеуді дереу тоқтату және пациентті гепариндік емес антикоагулянттармен басқа баламалы емге көшіру керек.

*Қан кету*

Басқа антикоагулянттарды қолдану кезіндегідей, кез келген жерден қан кету дамуы мүмкін. Қан кету дамығанда оның шығу көзін тауып, тиісті ем жүргізу қажет.

Кез келген антикоагулянттық ем кезіндегідей, натрий эноксапаринін қан кету ықтималдығы жоғары келесі жай-күйлерде сақтықпен қолдану керек:

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- гемостаз бұзылуы
- анамнездегі пептидтік ойық жара
- таяуда өткерген ишемиялық инсульт
- ауыр артериялық гипертензия
- таяуда өткерген диабеттік ретинопатия
- неврологиялық немесе офтальмологиялық операция
- гемостаз жүйесіне әсер ететін препараттарды бір мезгілде қабылдау (4.5 бөлімді қараңыз).

*Жұлындық/Эпидуральді анестезия немесе люмбальді пункция*

*Люмбальді пункцияны, жұлын немесе эпидуральді анестезияны бастан өткерген пациенттерде төмен молекулалы гепарин инъекциясы мен эпидуральді катетерді немесе инені енгізу / шығарып алу арасында профилактикалық доза үшін кемінде 12 сағат және емдік доза үшін 24 сағат өтуі тиіс. Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде ұзақ уақыт аралығын қарастыруға болады. Пациенттерді неврологиялық бұзылыстың белгілері мен симптомдары үшін жиі бақылау керек. Неврологиялық қауіп болған жағдайда жедел ем қажет.*

Натрий эноксапаринінің емдік дозаларын енгізуден кейін 24 сағат ішінде жұлындық/эпидуральді анестезия мен люмбальді пункция жасауға болмайды (4.3 бөлімді қараңыз).

Жұлындық/эпидуральді анестезия немесе жұлынға пункция жасау кезінде натрий эноксапаринін қолданғанда нейроаксиальді гематомалар жағдайлары хабарланды, ол ұзаққа созылатын немесе қайтымсыз салданудың дамуына әкелді. Натрий эноксапаринін тәулігіне бір рет 4 000 ХБ (40 мг) немесе одан төмен дозаларда қолдану кезінде осындай құбылыстардың даму қаупі төмендейді. Операциядан кейін ішке енетін эпидуральді катетерлерді пайдаланғанда, гемостазға әсер ететін қосымша препараттарды (мысалы, қабынуға қарсы стероидты емес препараттарды) бір мезгілде қолданғанда, жарақаттық немесе қайталанған эпидуральді немесе жұлын-ми пункциясында, сондай-ақ омыртқасына операция жасалған немесе омыртқа деформациясы бар пациенттерде қауіп артады.

Натрий эноксапаринін қолданумен және бір мезгілде эпидуральді немесе жұлындық анестезия/анальгезия немесе люмбальді пункция жасаумен байланысты болуы мүмкін қан кету қаупін төмендету үшін натрий эноксапаринінің фармакокинетикалық бейінін ескеру қажет (5.2 бөлімді қараңыз). Эпидуральді катетерді орнату немесе шығарып алу (немесе люмбальді пункция) натрий эноксапаринінің төмен антикоагулянттық әсерімен жасалғаны дұрыс; алайда, әр пациенттегі барынша төмен антикоагулянттық әсерге жетудің дәл уақыты белгісіз. Креатинин клиренсі 15-30 мл/минут пациенттер үшін қосымша шаралар қабылдау қажет, өйткені натрий эноксапаринінің шығарылуы оларда ұзағырақ болып табылады (4.2 бөлімді қараңыз).

Егер дәрігердің тағайындауы бойынша эпидуральді немесе жұлындық анестезия/анальгезия немесе люмбальді пункция жасалғанда антикоагулянттық ем қолданылса, мыналар сияқты кез келген неврологиялық белгілер мен симптомдарды анықтау үшін пациентке ерекше мұқият қадағалау қажет: арқаның орта тұсының

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

ауыруы, сенсорлық және моторлық функциялардың бұзылуы (аяқтардың жансыздануы немесе әлсіздігі), ішек және/немесе қуық функциясының бұзылуы. Жоғарыда сипатталған белгілер мен симптомдардың кез келгені туындағанда дереу дәрігерді хабарландыру қажеттілігі жөнінде пациентке нұсқау беру қажет. Жұлын-ми гематомасына тән белгілер мен симптомдар анықталғанда, осылай емдеу неврологиялық асқынулардың алдын алмаса немесе баса алмаса да, қажет болса, жұлын-ми декомпрессиясын қоса, шұғыл диагностикалау және емдеу қажет.

#### *Тері некрозы/тері васкулиті*

Төмен молекулалы гепариндерді қолданғанда тері некрозы және тері васкулиті жағдайлары хабарланды. Ондай жағдайда емдеуді дереу тоқтату қажет.

#### *Тері арқылы коронарлық ревазуляризациялау (ТКР) емшаралары*

Тұрақсыз стенокардия, ST сегментінің көтерілуінсіз миокард инфарктісі және ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісін емдеу кезінде тері арқылы коронарлық араласудан кейін қан кету қаупін азайту үшін натрий эноксапарині дозаларының арасында ұсынылатын аралықтарды қатаң қадағалау қажет. ТКР емшарасынан кейін пункция орнында болатын гемостазға жету маңызды. Қорғағыш құрылғы қолданылған жағдайда өткізгішті (интродьюсер) кідіріссіз шығарып алуға болады. Қолмен компрессиялау әдісі қолданылған жағдайда өткізгіш (интродьюсер) натрий эноксапаринінің тері астына/вена ішіне жасалған соңғы инъекциясынан кейін 6 сағаттан соң алып тасталуы тиіс. Егер натрий эноксапаринімен ем жалғасса, келесі дозасы өткізгішті (интродьюсер) алып тастаудан кейін 6-8 сағат өткен соң барып енгізілуі тиіс. Енгізілген жерде қан кету немесе гематома түзілу белгілерінің бар-жоғын бағалау керек.

#### *Жедел инфекциялық эндокардит*

Гепаринді, әдетте, миға қан құйылу қаупімен байланысты жедел инфекциялық эндокардиті бар пациенттерге қолдану ұсынылмайды. Егер осылай қолдану абсолютті қажеттілік саналса, пайда мен қауіп арақатынасын мұқият бағалаудан кейін ғана шешім қабылдануы тиіс.

#### *Жүректің механикалық жасанды клапандары бар жүкті әйелдер*

Механикалық жасанды жүрек клапандары бар жүкті әйелдерде натрий эноксапаринін тромб түзілуінің профилактикасы үшін қолдану жеткілікті зерттелмеді. Тромбоэмболия қаупін төмендету үшін механикалық жасанды жүрек клапандары бар, натрий эноксапаринін (100 ХБ/кг (1 мг/кг) күніне екі рет) алған жүкті әйелдер қатыстырылған клиникалық зерттеуде 8 әйелдің 2-де тромбоздар дамып, шарана мен ананың өліміне ұласқан клапан обструкциясына алып келді. Тромбопрофилактика үшін натрий эноксапаринімен ем алған механикалық жасанды жүрек клапандары бар жүкті әйелдерде жүрек клапандарының тромбозы туралы маркетингтен кейінгі жекелеген хабарламалар бар. Механикалық жасанды жүрек клапандары бар жүкті әйелдерде тромбоэмболияның даму қаупі жоғары болады.

#### *Зертханалық тестілер*

Вена тромбоэмболиясының профилактикасында қолданылатын дозаларда натрий эноксапарині қан кету уақытына және қан ұюының жалпы көрсеткіштеріне, сондай-ақ

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

тромбоциттер агрегациясына немесе олардың фибриногенмен байланысуына елеулі ықпал етпейді.

Дозаны арттырғанда ішінара белсенділенген тромбопластин уақыты (ІБТУ) және қан ұюының белсенділену уақыты (ҚҰБУ) ұзаруы мүмкін. ІБТУ және ҚҰБУ ұзаруы натрий эноксапаринінің тромбозға қарсы белсенділігінің артуына тікелей тәуелділікте болмайды, сондықтан осы көрсеткіштер натрий эноксапаринінің белсенділігін мониторингтеуге сай келмейді.

#### *Жүректің механикалық жасанды клапандары*

Механикалық жасанды жүрек клапандары бар пациенттерде натрий эноксапаринін тромб түзілуінің профилактикасында қолдану жеткілікті зерттелмеді. Механикалық жасанды жүрек клапандары бар пациенттерде тромбопрофилактикаға арналған натрий эноксапаринімен ем аясында жасанды жүрек клапандарының тромбозы дамыған бірлі-жарым жағдайлар тіркелді. Жасанды жүрек клапандары тромбозының дамуына ықпал ететін, негізгі ауруды қоса, аралас факторлардың болуына орай әрі клиникалық деректер жетімсіздігінен бұл хабарламаларды бағалау шектеулі. Жүкті әйелдердегі тромбоздың ана мен шарананың өліміне әкелген осындай жағдайларының кейбіреуі сипатталды.

#### *Егде жастағы пациенттердегі қан кетулер*

Егде жастағы пациенттерде препаратты профилактикалық дозаларда қолданғанда қан кету дамуының жоғары қаупі бақыланбады. Егде жастағы пациенттерде (әсіресе, 80 жастағы және одан асқан пациенттерде) препаратты емдік дозаларда қолданғанда қан кетудің даму қаупі жоғары болады. ST сегментінің көтерілуімен миокард инфарктісінен емделіп жүрген 75 жастан асқан пациенттерде мұқият қадағалап отыру және дозаны азайту мүмкіндігі ұсынылады (4.2 және 5.2 бөлімді қараңыз).

#### *Бүйрек жеткіліксіздігі*

Бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде натрий эноксапаринінің жүйелі экспозициясының ұлғаюы нәтижесінде қан кетудің даму қаупі бар. Осындай пациенттерде мұқият бақылау және анти-Ха белсенділігін өлшеу арқылы биологиялық мониторинг өткізуді қарастыру ұсынылады (4.2 және 5.2 бөлімді қараңыз).

Гемодиализ жүргізгенде қанайналымның экстракорпоральді шеңберінде тромб түзілуінің профилактикасынан тыс, қауым туралы деректер болмауына байланысты, натрий эноксапарині бүйрек ауруының терминалдық сатысындағы (креатинин клиренсі < 15 мл/мин) пациенттерге ұсынылмайды.

Бүйрек функциясының ауыр бұзылуы бар пациенттерде (креатинин клиренсі 15-30 мл/мин) препаратты профилактикалық та, емдік те қолдану кезінде дозаға түзету жүргізу ұсынылады, өйткені натрий эноксапаринінің экспозициясы едәуір ұлғайған.

Бүйрек функциясының орташа (креатинин клиренсі 30-50 мл/мин) және жеңіл (креатинин клиренсі 50-80 мл/мин) бұзылуы бар пациенттерде дозаны түзету талап етілмейді.

#### *Бауыр жеткіліксіздігі*

Қан кетудің жоғары ықтималдығына байланысты, бауыр функциясының бұзылуы бар пациенттерде натрий эноксапаринін абайлап қолдану керек. Бауыр циррозы бар

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

пациенттерде анти-Ха белсенділігі деңгейлеріне мониторинг негізінде дозаны түзету сенімсіз болады және ұсынылмайды (5.2 бөлімді қараңыз).

#### *Төмен дене салмағы*

Дене салмағы төмен (45 кг-ден аз) әйелдерде және дене салмағы төмен (57 кг-ден аз) ерлерде профилактикалық (дене салмағы есебімен түзетілмеген) дозаларда натрий эноксапарині экспозициясының ұлғаюы қан кетудің жоғары даму қаупіне әкелуі мүмкін. Осындай пациенттердің жай-күйін мұқият бақылау ұсынылады (5.2 бөлімді қараңыз).

#### *Семіздік бар пациенттер*

Семіздікке шалдыққан пациенттер тромбоздың даму қаупі жоғары топта болады. Семіздігі бар (ДСИ 30 кг/м<sup>2</sup> аса) пациенттерде эноксапаринді профилактикалық дозаларда қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі соңына дейін анықталмады әрі дозасын түзету мәселесі жөнінде ортақ пікір жоқ. Осы пациенттерді тромбоздың симптомдары мен белгілерінің дамуы тұрғысынан мұқият қадағалау керек.

#### *Гиперкалиемия*

Гепариндер бүйрек үсті бездері қыртысымен альдостерон секрециялануын бәсеңдетуі мүмкін, бұл калий деңгейін арттыратын дәрілік препараттар қабылдап жүрген (4.8 бөлімді қараңыз), атап айтқанда, қант диабеті, созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі, бұрын болған метаболизмдік ацидозы бар пациенттерде гиперкалиемияға әкеледі (4.5 бөлімді қараңыз). Плазмадағы калий деңгейін, әсіресе, қауіп тобында болатын пациенттерде жүйелі тексеру қажет.

#### *Қадағалануы*

Төмен молекулалы гепариндер – бұл биологиялық дәрілік препараттар. Төмен молекулалы гепариндердің қадағалануын жақсарту үшін медициналық қызметкерлерге енгізілген препараттың саудалық атауын және партия нөмірін пациент картасына жазып қоюға кеңес беріледі.

#### *Натрий*

Препарат құрамында бір реттік дозада 1 ммольден аз (23 мг) натрий бар, яғни ол натрийсіз препарат болып саналады.

## **4.5 Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері**

### *Бір мезгілде қолдану ұсынылмайды*

- *Гемостазға әсер ететін дәрілік препараттар (4.4 бөлімді қараңыз)*

Натрий эноксапаринімен емдеудің басталуына дейін, оларды қолдану қатаң көрсетілген жағдайларды қоспағанда, гемостазға әсер ететін кейбір препараттарды қабылдауды тоқтату ұсынылады. Егер натрий эноксапаринінің осы препараттармен біріктірілімі көрсетілсе, онда натрий эноксапаринін мұқият клиникалық қадағалаумен және тиісті зертханалық көрсеткіштерді мониторингтеумен қолдану керек.

Осындай заттарға келесі препараттар жатады:

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- жүйелі салицилаттар, ацетилсалицил қышқылы (қабынуға қарсы дозасы) және қабынуға қарсы стероидты емес препараттар, кеторолакты қоса;
- басқа тромболитиктер (альтеплаза, ретеплаза, стрептокиназа, тенектеплаза, урокиназа) және антикоагулянттар (4.2 бөлімді қараңыз).

Бір мезгілде сақтықпен қолдану

Келесі препараттарды натрий эноксапаринімен бір мезгілде сақтықпен қолдануға болады:

*Гемостазға әсер ететін басқа препараттар:*

- тромбоциттер агрегациясының тежегіштері, оның ішінде агрегантқа қарсы дозадағы ацетилсалицил қышқылы (кардиопротекция), клопидогрел, тиклопидин, жедел коронарлық синдромда қан кету қаупімен байланысты көрсетілген Пв/Ша гликопротеин рецепторларының антагонистері,
- декстран 40,
- жүйелі глюкокортикоидтар.

*Калий деңгейін жоғарылататын препараттар:*

- сарысудағы калий деңгейін арттыратын препараттарды натрий эноксапаринімен бір мезгілде мұқият клиникалық қадағалаумен және зертханалық көрсеткіштерді бақылаумен қолдануға болады (4.4 және 4.8 бөлімдерін қараңыз).

#### **4.6 Фертильділік, жүктілік және лактация**

*Репродуктивті жастағы әйелдер / контрацепция*

Эксперименттік зерттеулер фетоуыттылықты немесе тератогенділікті анықтаған жоқ.

*Жүктілік*

Натрий эноксапаринінің адамдағы жүктіліктің екінші және үшінші триместрі кезінде плаценталық бөгет арқылы өтетіні туралы дәлелді деректер жоқ. Жүктіліктің бірінші триместріне қатысты сәйкес ақпарат жоқ. Клиникаға дейінгі зерттеулер фетоуыттылық және тератогенділік дәлелдерін көрсетпеді (5.3 бөлімді қараңыз), сондай-ақ деректер эноксапариннің плацента арқылы тым аз өтетінін көрсетеді.

Натрий эноксапаринін жүктілік кезінде оны қолданудың дәрігер белгілеген тегеурінді қажеттілігі болған жағдайларда ғана қолдану керек.

Натрий эноксапаринін қабылдайтын жүкті әйелдер қан кету белгілерінің немесе шамадан тыс антикоагуляция тұрғысынан мұқият қадағалануы тиіс, геморрагиялық қауіп туралы хабардар ету керек. Әйелдерге қан кету қаупі туралы ескерту қажет. Жалпы алғанда, жүрек клапандары протезі бар жүкті әйелдерде бақыланатын жағдайларды қоспағанда, жүкті емес әйелдердегі қауіппен салыстырғанда қан кету, тромбоцитопения және остеопороз қаупінің артуын нақты айғақтайтын дәлелдер жоқ (4.4 бөлімді қараңыз).

Эпидуральді анестезия жоспарланғанда емшараға дейін натрий эноксапаринімен емдеуді тоқтату ұсынылады (4.4 бөлімді қараңыз).

*Бала емізу*

Өзгермеген натрий эноксапаринінің әйелдің емшек сүтіне бөліну-бөлінбеуі белгісіз. Емізетін егеуқұйрықтарда эноксапарин немесе оның метаболиттерінің сүтпен сіңуі өте

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

төмен. Натрий эноксапаринінің пероральді сіңу ықтималдығы аз. Бала емізу кезінде Энокс қолдануға болады.

#### *Фертильділік*

Натрий эноксапарині бойынша фертильділікке қатысты клиникалық және клиникаға дейінгі деректер жоқ (5.3 бөлімді қараңыз).

#### **4.7 Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсері**

Натрий эноксапарині көлік құралдарын және аса қауіпті механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

#### **4.8 Жағымсыз реакциялар**

##### *Қауіпсіздік бейінінің қысқаша сипаттамасы*

Натрий эноксапарині клиникалық зерттеулерде натрий эноксапаринін алған 15 000-нан астам пациентте бағаланды. Олар тромбозмболиялық асқынудың қаупі бар пациенттерде ортопедиялық немесе абдоминальді операциялардан кейін терең вена тромбозының профилактикасы мақсатында 1776 жағдайды, жедел ауруы бар және қозғалысы елеулі шектеулі пациенттерде терең вена тромбозының профилактикасы үшін 1169 жағдайды, өкпе артериясы тромбэмболиясымен немесе онсыз терең вена тромбозын емдеу үшін 559 жағдайды, тұрақсыз стенокардияны және Q тісінсіз миокард инфарктісін емдеу үшін 1578 жағдайды және ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісін емдеу үшін 10 176 жағдайды қамтыды.

Осы клиникалық зерттеулер кезінде натрий эноксапаринін қолдану режимі көрсетілімдерге байланысты өзгеріп отырады. Жедел ауруы және қимыл-қозғалысының қатты шектелісі бар пациенттерде немесе операциядан кейінгі терең веналар тромбозының профилактикасында натрий эноксапаринінің дозасы тәулігіне бір рет тері астына 4 000 ХБ (40 мг) құрады. Өкпе артериясының тромбэмболиясымен немесе онсыз терең веналар тромбозын емдеу кезінде пациенттер натрий эноксапаринін немесе әр 12 сағат сайын 100 ХБ/кг (1 мг/кг) тері астылық дозасын немесе тәулігіне бір рет 150 ХБ/кг (1,5 мг/кг) теріастылық дозасын қабылдады. Клиникалық зерттеулерде тұрақсыз стенокардия мен Q тісінсіз миокард инфарктісін емдеуге арналған дозалар әр 12 сағат сайын тері астына 100 ХБ/кг (1 мг/кг) құрады, ал ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісін емдеудің клиникалық зерттеулерінде натрий эноксапарині вена ішіне болысты 3 000 ХБ (30 мг) енгізіліп, одан кейін әр 12 сағат сайын тері астына 100 ХБ/кг (1 мг/кг) енгізумен жалғасады.

Клиникалық зерттеулерде ең көп жиі реакциялары қан кетулер, тромбоцитопения және тромбоцитоз болды (4.4 бөлімді қараңыз) және төменде «Жеке дара жағымсыз реакциялар сипаттамасында» баяндалды.

Клиникалық зерттеулерде анықталған және тіркеуден кейінгі қолдану кезеңінде тіркелген басқа жағымсыз реакциялар (\* белгісі тіркеуден кейінгі қолдану кезеңінен алынған реакцияны білдіреді) төменде берілген.

*Жағымсыз құбылыстардың жиілігін анықтау мынадай критерийлерге сәйкес жүргізіледі: өте жиі ( $\geq 1/10$ ), жиі ( $\geq 1/100$ -ден  $< 1/10$ -ға дейін), жиі емес ( $\geq 1/1000$ -нан*

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

*< 1/100-ге дейін), сирек ( $\geq 1/10000$ -нан  $< 1/1000$ -ға дейін), өте сирек ( $< 1/10000$ ), белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес).*

*Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар*

*Жіі*

- қан кету, геморрагиялық анемия\*, тромбоцитопения, тромбоцитоз

*Сирек*

- эозинофилия\*, тромбозбен бірге иммуноаллергиялық тромбоцитопения жағдайлары; кейбір жағдайларда тромбоз ішкі ағзалардың инфарктісімен немесе аяқ-қол ишемиясымен асқынған (4.4 бөлімді қараңыз)

*Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар*

*Жіі*

- аллергиялық реакция

*Сирек*

- анафилаксиялық /анафилактоидтық реакциялар, шокты\* қоса

*Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар*

*Жіі*

- бас ауыру\*

*Тамырлар тарапынан бұзылулар*

*Сирек*

- жұлындық гематома\* (немесе нейроксиальді гематома), бұл ұзаққа созылатын немесе қайтымсыз салдануды қоса, ауырлық дәрежесі әртүрлі неврологиялық бұзылулардың дамуына әкелуі мүмкін (4.4 бөлімді қараңыз)

*Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар*

*Өте жиі*

- бауыр энзимдері санының көбеюі (ең алдымен, қалыптың жоғарғы шегінен 3 есе жоғары трансаминазалар)

*Жіі емес*

- бауырдың гепатоцеллюлярлы зақымдануы\*

*Сирек*

- бауырдың холестаздық зақымдануы\*

*Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар*

*Жіі*

- есекжем, қышыну, эритема

*Жіі емес*

- буллезді дерматит

*Сирек*

- алопеция\*, тері васкулиті\*, әдетте инъекция орнында пайда болатын тері некрозы\* (осы құбылыстардың алдында, әдетте, пурпура немесе инфильтрацияланған және ауырсындыратын эритематозды түйіндақтар болды), препарат инъекциясы орнындағы түйіндер\* (эноксапариннің киста тәрізді капсулалануы болып табылмайтын қабынған түйіндер), олар бірнеше күннен кейін жоғалады және препаратты тоқтатуға негіз бола алмайды

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

*Қаңқа-бұлшықет және дәнекер тін тарапынан бұзылулар*

*Сирек*

- ұзақ емнен кейінгі (3 айдан астам) остеопороз\*

*Жалпы бұзылулар және енгізген жердегі реакциялар*

*Жиі*

- инъекция орнындағы гематомалар, инъекция салған жердің ауыруы, инъекция орнындағы басқа реакция (ісіну, қан кету, жоғары сезімталдық, қабыну, ауқымды түзілімдер, инъекция орнындағы ауыру немесе реакция)

*Жиі емес*

- жергілікті тітіркену, инъекция орнындағы тері некрозы

*Зертханалық деректер*

*Сирек*

- гиперкалиемия\*(4.4 және 4.5 бөлімдерін қараңыз).

*Жеке-дара жағымсыз реакциялар сипаттамасы*

*Қан кету*

Ең көп жиі кездескен жағымсыз құбылыс қан кетулер болды. Оларға пациенттердің 4,2%-да (хирургиялық пациенттер) білінген ауқымды қан кетулер жатады. Осы жағдайлардың кейбіреуі өлімге ұшырататын сипатта болды. Хирургиялық пациенттерде қан кету зор ауқымды болып саналды:

- егер қан кетуден елеулі клиникалық жай-күй туындаса

- егер гемоглобин деңгейінің  $\geq 2$  г/дл төмендеуімен немесе 2 немесе одан көп бірлікте қан препараттарын құюмен қатар жүрсе

- ішперде артына немесе бассүйекішілік қан кетулер

Басқа антикоагулянттармен болған жағдайдағы сияқты, қан кету сонымен байланысты қауіп факторлары болғанда туындауы мүмкін, мынадай:

- қанағыштыққа бейім органикалық зақымданулар

- инвазиялық емшаралар немесе гемостазға әсер ететін дәрілік заттарды қатарлас қолдану (4.4 және 4.5 бөлімдерін қараңыз).

Жүйелік-орган класы	Хирургия-лық пациенттердегі профилактика	Терапия-лық пациенттердегі профилактика	ӨАТЭ-мен немесе онсыз жүретін терең веналар тромбозын емдеу	Тұрақсыз стенокардиясы және Q тісінсіз жедел миокард инфарктісі бар пациенттерді емдеу	ST сегментінің көтерілуімен миокард инфарктісі бар пациенттерді емдеу
<i>Қан және лимфа жүйесі тарапынан</i>	<i>Өте жиі қан кету<sup>a</sup> Сирек ішперде</i>	<i>Часто қан кету<sup>a</sup></i>	<i>Өте жиі қан кету<sup>a</sup> Жиі емес</i>	<i>Өте жиі қан кету<sup>a</sup> Сирек ішперде</i>	<i>Өте жиі қан кету<sup>a</sup> Жиі емес бассүйекіші</i>

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

<i>бұзылулар</i>	артына қан кету		бассүйекшілік қан кету, ішперде артына қан кету	артына қан кету	лік қан кету, ішперде артына қан кету
------------------	-----------------	--	---	-----------------	---------------------------------------

<sup>a</sup>: мысалы, гематома, экхимоз (инъекция орындарын қоспағанда), жарақат гематомасы, гематурия, мұрыннан қан кету және асқазан-ішектен қан кету

### Тромбоцитопения және тромбоцитоз

Жүйелік-орган класы	Хирургиялық пациенттердегі профилактика	Терапиялық пациенттердегі профилактика	ӨАТЭ-мен немесе онсыз жүретін терең веналар тромбозын емдеу	Тұрақсыз стенокардиясы және Q тіссіз жедел миокард инфарктісі бар пациенттерді емдеу	ST сегментінің көтерілуімен миокард инфарктісі бар пациенттерді емдеу
<i>Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар</i>	<i>Өте жиі</i> тромбоцитоз <sup>б</sup> <i>Жиі</i> тромбоцитопения	<i>Жиі емес</i> тромбоцитопения	<i>Өте жиі</i> тромбоцитоз <sup>б</sup> <i>Жиі</i> тромбоцитопения	<i>Жиі емес</i> тромбоцитопения	<i>Жиі</i> тромбоцитоз <sup>б</sup> Тромбоцитопения  <i>Өте сирек</i> иммундық-аллергиялық тромбоцитопения

<sup>б</sup>: (тромбоциттер саны > 400 г/л)

### Балалар

Натрий эноксапаринінің қауіпсіздігі мен тиімділігі балаларда анықталмаған.

### **Күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлау**

ДП «пайда-қауіп» арақатынасын үздіксіз мониторингтеуді қамтамасыз ету мақсатында ДП тіркеуден кейін күмән тудыратын жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медициналық қызметкерлерге ҚР жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарландыру

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

жүйесі арқылы ДП кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы мәлімдеуге кеңес беріледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

#### **4.9 Артық дозалануы**

*Симптомдары:* вена ішіне, экстракорпоральді немесе тері астына енгізу кезінде натрий эноксапаринімен кездейсоқ артық дозалану қан кетулерге әкелуі мүмкін. Тіпті үлкен дозаларын ішке қабылдау кезінде натрий эноксапаринінің сіңу ықтималдығы аз.

*Емі:* протаминді вена ішіне баяу енгізу арқылы антикоагулянттық әсерін едәуір бейтараптандыруға болады.

Протаминнің қажетті дозасы натрий эноксапаринінің енгізілген дозасына байланысты:

- натрий эноксапарині алдыңғы 8 сағат ішінде енгізілген жағдайда 1 мг протамин 100 ХБ (1 мг) натрий эноксапаринінің антикоагулянттық әсерін бейтараптандырады

- егер натрий эноксапарині протамин енгізуден 8 сағаттан көп уақыт бұрын енгізілсе немесе протаминнің екінші дозасы қажет екені анықталса, 100 ХБ (1 мг) натрий эноксапариніне 0.5 мг протамин инфузиясын енгізуге болады

- натрий эноксапарині инъекциясынан кейін 12 сағаттан соң протамин енгізу қажет болмауы мүмкін.

Алайда, тіпті протаминнің жоғары дозаларында натрий эноксапаринінің анти-Ха белсенділігі ешқашан толық бейтараптанбайды (ең көбі 60% жуық) (протамин тұздарын тағайындау туралы ақпаратты қараңыз).

### **5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**

#### **5.1 Фармакодинамикалық қасиеттері**

Фармакотерапиялық тобы: Тромбозға қарсы препараттар. Гепарин тобы. Эноксапарин. АТХ коды В01АВ05

#### *Фармакодинамикалық әсерлері*

Эноксапарин – бұл орташа молекулалық салмағы 4500 дальтонға жуық төмен молекулалы гепарин, онда стандартты гепариннің тромбозға қарсы және антикоагулянттық әсерлері өзара байланысты емес. Әсер етуші заты – натрий тұзы. Тазартылған жүйеде *in vitro* натрий эноксапарині анти-Ха белсенділігі жоғары (100 ХБ/мл жуық) және төмен анти-IIa немесе тромбинге қарсы белсенділікке (шамамен 28 ХБ/мл) 3,6 арақатынасында ие болады. Осы антикоагулянттық белсенділігі антитромбин III (АТ-III) арқылы әрекет етіп, адамдарда антикоагулянттық белсенділікті қамтамасыз етеді.

Анти-Ха/IIa белсенділіктен басқа, дені сау субъектілер мен пациенттерде де, эксперименттегі жануарларда да натрий эноксапаринінің қосымша тромбозға қарсы және қабынуға қарсы қасиеттері анықталды.

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Бұл VIIa факторы сияқты басқа ұю факторларының АТ-III тәуелді тежелуін, тіндік фактор жолының эндогендік тежегішінің (ТФЖТ) босап шығу белсенділігін, сондай-ақ Виллебранд факторының тамырлар эндотелийінен қан ағымына босап шығу төмендеуін қамтиды. Бұл факторлар, жалпы алғанда, натрий эноксапаринінің антикоагулянттық әсерін қамтамасыз етеді.

Профилактикалық дозаларда натрий эноксапарині ішінара белсенділенген тромбопластин уақытына (ІБТУ) елеулі ықпалын тигізбейді. Емдік дозаларында ІБТУ белсенділігінің жоғарғы шегінде бақылану уақытынан 1,5-2,2 есе ұзаруы мүмкін.

*Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі*

Хирургиялық араласумен байланысты вена тромбозы ауруларының профилактикасы

*Ортопедиялық операциялардан кейінгі вена тромбозының ұзартылған профилактикасы*

Ұршық буынын эндопротездеу операциясы жасалған пациенттерде ұзартылған профилактиканың салыстырмалы жасырын зерттеуінде ауруханада жатқан уақытта бастапқыда тері астына 4 000 ХБ (40 мг) натрий эноксапаринін қабылдаған вена тромбозы жоқ 179 пациент ауруханадан шығарылған соң 3 апта бойы күніне бір рет тері астына (n=90) 4 000 ХБ (40 мг) натрий эноксапаринін немесе плацебо (n=89) қабылдау режиміне рандомизацияланды. Ұзаққа созылатын профилактика кезіндегі терең веналар тромбозының жиілігі, плацебомен салыстырғанда, натрий эноксапарині үшін нақты төмен болды, өкпе артериясының тромбозы туралы хабарланбады. Күрделі қан кетулер болмады.

Тиімділігі туралы деректер төмендегі кестеде берілген.

	<b>Тәулігіне бір рет тері астына (n=90) 4 000 ХБ (40 мг) натрий эноксапарині n (%)</b>	<b>Күніне бір рет тері астына плацебо n (%)</b>
<b>Ұзартылған профилактикамен ем қабылдаған барлық пациенттер</b>	90 (100)	89 (100)
<b>Барлығы ВТЭ</b>	6 (6.6)	18 (20.2)
- Жалпы ВТЭ (%)	6 (6.6) *	18 (20.2)
- Проксимальді ВТЭ (%)	5 (5.6) #	7 (8.8)
* плацебомен салыстырғанда p мәні = 0,008		
# плацебомен салыстырғанда p мәні = 0,537		

Ауруханада жатқан уақытта бастапқыда тері астына 4 000 ХБ (40 мг) натрий эноксапаринін қабылдаған ұршық буынын эндопротездеу операциясы жасалған және вена тромбозы жоқ 262 пациент екінші салыстырмалы жасырын зерттеуде ауруханадан шығарылған соң 3 апта бойы күніне бір рет тері астына (n=131) 4 000 ХБ (40 мг) натрий эноксапарині немесе плацебо (n=131) режиміне рандомизацияланды. Бірінші зерттеудегі сияқты, ұзаққа созылатын профилактика кезіндегі вена тромбозының жиілігі жалпы вена тромбозына арналғанындай плацебомен салыстырғанда, вена тромбозы үшін нақты төмен болды (натрий

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

эноксапарині: 21 [16%] плацебоға қарсы: 45 [34,4%];  $p=0,001$ ), сондай-ақ проксимальді терең веналар тромбозы үшін де нақты төмен болды (вена тромбоэмболиясы: 8 [6,1%] плацебоға қарсы: 28 [21,4%];  $p=<0,001$ ). Натрий эноксапарині тобы мен плацебо тобы арасында ауқымды қан кетулер ерекшеліктері анықталмады.

### **Онкологиялық операциялардан кейінгі терең веналар тромбозының ұзартылған профилактикасы**

Салыстырмалы жасырын көп орталықтық зерттеуде құрсақ қуысының немесе кіші жамбастың обыры себебімен жоспарлы операция жасалған 332 пациентте қауіпсіздігі мен тиімділігі тұрғысынан натрий эноксапаринімен профилактиканың төрт апталық және апталық режимі салыстырылды. Пациенттер 6-10 күн бойы күнделікті натрий эноксапаринін (4 000 ХБ (40 мг) тері астына қабылдады, ал одан кейін тағы 21 күн бойы кездейсоқ үлгіде натрий эноксапарині немесе плацебо тағайындалды. Егер вена тромбоэмболиясының симптомдары туындаса, екі жақты венография 25-ші және 31-ші күндер арасында жасалды. Пациенттер үш ай бойы қадағалауда болды. Құрсақ қуысының немесе кіші жамбастың обыры себебімен операциядан кейінгі төрт апта бойы натрий эноксапаринімен профилактика, бір апта бойы натрий эноксапаринімен жасалатын профилактикамен салыстырғанда, венографиямен анықталған тромбоздар жиілігін нақты төмендетті. Салыстырмалы жасырын фаза соңындағы вена тромбоэмболияларының жиілігі плацебо тобында 12,0% ( $n=20$ ) және натрий эноксапарині тобында 4,8% ( $n=8$ ) құрады;  $p=0,02$ . Бұл айырмашылық үш ай бойы сақталды [13,8% қарсы 5,5% ( $n=23$  қарсы 9),  $p=0,01$ ]. Салыстырмалы жасырын кезең немесе қадағалау кезеңінің бойына қан кетулер немесе басқа асқынулар жиілігінің қандай да бір айырмашылықтары болмады.

### Қимыл-қозғалыс шектелісін тудыруы күтілетін жедел ауруы бар пациенттердегі вена тромбоэмболиясының профилактикасы

Салыстырмалы жасырын көп орталықтық қатарлас топтық зерттеуде күніне бір рет тері астына 2 000 ХБ (20 мг) немесе 4 000 ХБ (40 мг) натрий эноксапарині жедел ауру кезінде қимыл-қозғалысы қатты шектелген ( $\leq 3$  күн бойы  $<10$  метр қашықтықты жүріп өтумен айқындалатын) терапиялық пациенттердегі терең веналар тромбозының профилактикасында плацебомен салыстырылды. Осы зерттеуге вена тромбоэмболиясының, ең болмаса, бір факторының ( $\geq 75$  жас шамасы, обыр, осының алдындағы вена тромбоэмболиясы, семіздік, веналардың варикозды кеңеюі, гормональді ем, созылмалы жүрек немесе тыныс алу жеткіліксіздігі) болуымен; жүрек жеткіліксіздігі (NYHA бойынша III немесе IV класс), жедел тыныс алу жеткіліксіздігі немесе асқынып кеткен созылмалы тыныс алу жеткіліксіздігі, сондай-ақ жедел инфекция немесе жедел ревматизм бар пациенттер қамтылды.

Жалпы жиынтығы, зерттеуге 1102 пациент қосылды, ал 1073 пациент ем қабылдады. Емдеу 6-дан 14 күнге дейін жалғасты (орташа ұзақтығы 7 күн). Тәулігіне бір рет тері астына 4 000 ХБ (40 мг) дозада енгізілгенде натрий эноксапарині, плацебомен салыстырғанда, вена тромбоэмболияларының жиілігін нақты төмендетті. Тиімділігі туралы деректер төмендегі кестеде берілді.

	<b>Тәулігіне бір рет тері астына (n=90) 2 000</b>	<b>Тәулігіне бір рет тері астына (n=90) 4 000</b>	<b>Плацебо n (%)</b>
--	---	---	----------------------

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

	<b>ХБ (20 мг) натрий эноксапарині n (%)</b>	<b>ХБ (40 мг) натрий эноксапарині n (%)</b>	
<b>Жедел ауру кезеңіндегі барлық емделіп жазылған терапиялық пациенттер</b>	287 (100)	291(100)	288 (100)
<b>Барлығы ВТЭ (%)</b>	43 (15.0)	16 (5.5) *	43 (14.9)
- Жалпы ТВТ (%)	43 (15.0)	16 (5.5)	40 (13.9)
- Проксимальді ТВТ (%)	13 (4.5)	5 (1.7)	14 (4.9)
ВТЭ = Терең веналар тромбозын, өкпе артериясының тромбоэмболиясын және шығу тегі тромбоэмболиялық болып саналатын өлімді қамтитын вена тромбоэмболиясының құбылыстары. *плацебомен салыстырғанда р мәні 0,002			

Пациенттерді қосудан кейін шамамен 3 айдан соң вена тромбоэмболияларының жиілігі, плацебомен емдеу тобымен салыстырғанда, 4 000 ХБ (40 мг) натрий эноксапаринімен емдеу тобында нақты төмен күйде қалды.

Жалпы және ауқымды қан кету жиілігі, тиісінше, плацебо тобында 8,6% және 1,1%, 2 000 ХБ (20 мг) натрий эноксапарині тобында 11,7% және 0,3%, ал 4 000 ХБ (40 мг) натрий эноксапарині тобында 12,6% және 1,7% құрады.

#### Өкпе артериясының тромбоэмболиясымен немесе онсыз терең веналар тромбозын (ӨАТЭ) емдеу

Көп орталықтық қатарлас топтық зерттеуде өкпе артериясының тромбоэмболиясымен немесе онсыз жедел терең веналар тромбозы бар 900 пациент күніне бір рет тері астына (i) 150 ХБ/кг (1,5 мг/кг) натрий эноксапаринімен, әр 12 сағат сайын тері астына 100 ХБ/кг (1 мг/кг) натрий эноксапаринімен (ii) немесе үздіксіз инфузияға ұласатын (55-тен 85 секундқа дейінгі ІБТУ мәніне жету үшін енгізілді) венаішілік болуы гепаринмен (5 000 ХБ) (iii) стационарлық (стационар) емдеуге рандомизацияланды. Жалпы жиынтығы, 900 пациент зерттеуде рандомизацияланды, әрі пациенттердің бәрі емделіп жазылды. Барлық пациент сонымен қатар натрий эноксапаринінің немесе гепаринмен стандартты емнің басталуынан кейін 72 сағат ішінде басталып, 90 күн бойы жалғасумен натрий варфаринін қабылдады (доза 2,0-ден 3,0-ге Халықаралық қалыптасқан қатынасқа жету үшін протромбин уақытына сәйкес түзетілді). Натрий эноксапарині немесе гепаринмен стандартты ем кемінде 5 күн және натрий варфаринінің нысаналы халықаралық қалыптасқан қатынасқа жетуіне дейін тағайындалды. Натрий эноксапаринінің екі режимі де вена тромбоэмболиясының (терең веналар тромбозы және/немесе өкпе артериясының тромбоэмболиясы) қайталану қаупін төмендетуде

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

гепаринмен стандартты емге баламалы болды. Тиімділігі туралы деректер төмендегі кестеде берілген.

	Тәулігіне бір рет тері астына 150 ХБ (1,5 мг/кг) натрий эноксапарині n (%)	Күніне екі рет тері астына 1 000 ХБ (20 мг) натрий эноксапарині n (%)	Гепарин (ІБТУ) венаішілік еммен реттелді n (%)
<b>ӨАТЭ-мен немесе ӨАТЭ-сыз ТВТ бар барлық емделіп жазылған пациенттер</b>	298 (100)	312 (100)	290 (100)
<b>Барлығы ВТЭ (%)</b>	13 (4.4)*	9 (2.9)*	12 (4.1)
- Тек ТВТ (%)	11 (3.7)	7 (2.2)	8 (2.8)
- Проксимальді ТВТ (%)	9 (3.0)	6 (1.9)	7 (2.4)
- ӨАТЭ (%)	2 (0.7)	2 (0.6)	4 (1.4)
<p>ВТЭ = вена тромбоэмболиясы көрінісі (ТВТ және/немесе ӨАТЭ)  * жалпы вена тромбоэмболиясын емдеудегі айырмашылықтар үшін 95% сенім аралықтары мынаны құрайды:  - гепаринмен салыстырғанда, күніне бір рет натрий эноксапарині (-3,0-ден 3,5 дейін)  - гепаринмен салыстырғанда, әр 12 сағат сайын натрий эноксапарині (-4,2-ден 1,7 дейін).</p>			

Ауқымды қан кетулер, тиісінше, күніне бір рет 150 ХБ/кг (1,5 мг/кг) натрий эноксапарині тобында 1,7%, күніне екі рет 100 ХБ/кг (1 мг/кг) натрий эноксапарині тобында 1,3% және гепарин тобында 2,1% құрады.

Тұрақсыз стенокардияны және ST сегментінің көтерілуінсіз миокард инфарктісін емдеу  
Ауқымды көп орталықтық зерттеуде тұрақсыз стенокардияның және Q тісінсіз миокард инфарктісінің жедел фазасында қамтылған 3171 пациент әр 12 сағат сайын 100 ХБ/кг (1 мг/кг) натрий эноксапаринімен немесе ІБТУ түзетуі жасалатын венаішілік фракцияланбаған гепаринмен бірге ацетилсалицил қышқылын (100-ден 325 мг дейін күніне бір рет) қабылдау үшін рандомизацияланды. Пациенттер клиникалық тұрақтануға, реваскуляризация емшараларына немесе ауруханадан шығуға дейін стационарда кемінде 2 күн және көп дегенде 8 күн емделуі тиіс. Пациенттер 30 күнге дейін қадағалауда болуы тиіс. Гепаринмен салыстырғанда, натрий эноксапарині 14-ші тәулікке қарай (қауіптің 16,2% салыстырмалы төмендеуі) стенокардия, миокард инфарктісі және өлімнің 19,8-дан 16,6% дейін төмендеуімен біріккен даму жиілігін нақты төмендетті. Осы біріккен жиілік төмендеуі 30 күн өткен соң да сақталды ( 23,3-дан 19,8% дейін; қауіптің 15% салыстырмалы төмендеуі).  
Тері астына инъекция салған жерде қан кету жиірек болса да, ауқымды қан кетулерге қатысты нақты өзгешеліктер көбірек болды.

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

*ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісін емдеу*

Ауқымды көп орталықтық зерттеуде фибринолиздік ем алуға сай келетін ST сегментінің көтерілуімен миокард инфарктісі бар 20 479 пациент вена ішіне 3 000 ХБ (30 мг) бір реттік болуымен енгізілетін натрий эноксапаринін, оған қоса, кейіннен әр 12 сағат сайын 100 ХБ/кг (1 мг/кг) теріастылық инъекцияға ұласатын теріастылық 100 ХБ/кг (1 мг/кг) дозасын немесе 48 сағат бойы ІБТУ негізінде түзетілген венаішілік фракцияланбаған гепаринді алуға рандомизацияланды. Барлық пациент, кем дегенде, 30 күн бойы ацетилсалицил қышқылын да қабылдады. Натрий эноксапаринін дозалау стратегиясы бүйрек функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттер мен жасы 75 жастан кем емес егде жастағы адамдар үшін түзетілді. Натрий эноксапаринінің теріастылық инъекциялары ауруханадан шығарылғанша немесе көп бегенде сегіз күн бойы (ертерек басталуына қарай) енгізілді.

Жасырын зерттелетін препарат көмегімен тромбозға қарсы демеу көрсетілетін 4716 пациентке тері арқылы коронарлық араласу (ТКА) жасалды. Осылайша, натрий эноксапаринін алған пациенттер үшін алдыңғы зерттеулерде белгіленген сызба бойынша натрий эноксапаринінде (ауысусыз) тері арқылы коронарлық араласу жасалуы тиіс, яғни, егер соңғы тері астына енгізу баллон үрлеуге дейінгі 8 сағаттан аз болса, қосымша дозалауы жоқ, ал егер соңғы тері астына енгізу баллон үрлеуге дейінгі 8 сағаттан көп болса, 30 ХБ/кг (0,3 мг/кг) натрий эноксапаринін болуы енгізу болмайды.

Натрий эноксапарині, фракцияланбаған гепаринмен салыстырғанда, бастапқы соңғы нүкте – кез келген себептен болатын өлім немесе рандомизациядан кейінгі алғашқы 30 күнде қайталанған миокард инфарктісінің бірігу жиілігін салыстырмалы қауіптің 17% төмендеуімен нақты азайтты [натрий эноксапарині тобында 9,9%, фракцияланбаған гепарин тобындағы 12,0%-бен салыстырғанда] ( $p < 0,001$ ).

Бірқатар тиімділік нәтижелері үшін айқын натрий эноксапаринімен емдеу артықшылықтары, фракцияланбаған гепаринмен емдеумен салыстырғанда қайталанған миокард инфарктісінің салыстырмалы қауіптің 35% төмендеуі байқалған 48 сағат ішінде көрініс берді ( $p < 0,001$ ).

Бастапқы соңғы нүктеге натрий эноксапаринінің жағымды әсері, жасын, жынысын, инфаркт орналасуын, диабет анамнезін, алдыңғы миокард инфарктісінің анамнезін, енгізілген фибринолитик типін және зерттелетін препаратпен емделу уақытын қоса, барлық шешуші қосалқы топтарда салыстырмалы болды.

Рандомизациядан кейін 30 күн ішінде тері арқылы коронарлық араласу жасалған (салыстырмалы қауіптің 23 пайыз төмендеуі) немесе дәрі-дәрмекпен ем алған (салыстырмалы қауіптің 15 пайыз төмендеуі, өзара әрекеттесу үшін  $p=0,27$ ) пациенттерде фракцияланбаған гепаринмен салыстырғанда, емдеуде натрий эноксапаринінің едәуір артықшылығы аталды.

30-күндік біріккен соңғы нүкте - өлім, қайталанған миокард инфарктісінің немесе бассүйекішілік қан құйылу жиілігі (таза клиникалық пайда көрсеткіші ( $p < 0,0001$ ) натрий эноксапарині тобында (10,1%), гепарин тобымен салыстырғанда (12,2), нақты төмен болды, бұл қауіптің натрий эноксапаринімен емдеу пайдасына 17% салыстырмалы төмендеуі түрінде болады.

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Ауқымды қан кетулер жиілігі 30 күн өткен соң натрий эноксапарині тобында (2,1%), гепарин тобымен салыстырғанда (1,4%), нақты жоғары ( $p < 0,0001$ ). Асқазан-ішектен қан кетулер жиілігі, гепарин тобымен салыстырғанда (0,1%), натрий эноксапарині тобында жоғары (0,5%) болды, ал бассүйекшілік қан кетулер жиілігі екі топта да бірдей болды (гепаринмен 0,7%-ға қарсы натрий эноксапаринімен 0,8%).

Натрий эноксапаринінің алғашқы 30 күн ішінде байқалған бастапқы соңғы нүктеге жағымды әсері 12 ай қадағалау барысында сақталды.

#### *Бауыр жеткіліксіздігі*

Әдеби деректер негізінде бауыр циррозы бар пациенттерде (Чайлд-Пью бойынша В-С класы) 4 000 ХБ (40 мг) натрий эноксапаринін қолдану қақпа венасы тромбозының профилактикасында қауіпсіз әрі тиімді болып табылады. Әдебиет зерттеулеріне шектеу қойылуы мүмкін екенін атап өту керек. Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде, осы пациенттерде қан кетудің жоғары даму ықтималдығы бар екендіктен (4.4 бөлімін қараңыз), әрі бауыр циррозы (Чайлд-Пью бойынша А, В және С класы) бар пациенттерде дозаны белгілеу бойынша қандай да бір ресми зерттеулер жүргізілмегендіктен, сақ болу керек.

## **5.2 Фармакокинетикалық қасиеттері**

### *Жалпы ақпарат*

Эноксапариннің фармакокинетикалық параметрлері препараттың тері астына бір реттік және қайталап енгізулерінен кейін және вена ішіне бір реттік инъекциясынан соң ұсынылған дозаларында плазмадағы анти-Х және анти-Па белсенділігінің уақытша динамикасы негізінде бағаланды. Анти-Ха және анти-Па фармакокинетикалық белсенділігін сандық анықтау валидацияланған амидолитикалық әдістермен жүргізілді.

### *Сіңірілуі*

Натрий эноксапаринін тері астына енгізуден кейін анти-Х белсенділігіне негізделген биожетімділігі 100% жуық құрайды. Әртүрлі дозалары мен дәрілік түрлерін және алуан түрлі емдеу сызбаларын қолдануға болады. Плазмада анти-Ха белсенділігінің орташа ең жоғарғы деңгейі тері астына енгізуден кейін 3-5 сағаттан соң байқалады және 2 000 ХБ, 4 000 ХБ, 100 ХБ/кг және 150 ХБ/кг (20 мг, 40 мг, 1 мг/кг және 1.5 мг/кг) дозаларын бір рет тері астына енгізуден кейін, тиісінше, 0.2, 0.4, 1.0 және 1.3 анти-Ха ХБ/мл шамасына жетуге болады.

3 000 ХБ (30 мг) венаішілік болуы енгізу, одан кейін бірден 100 ХБ/кг (1 мг/кг) тері астына әр 12 сағат сайын енгізіліп, анти-Ха белсенділіктің 1.16 ХБ/мл ( $n=16$ ) бастапқы ең жоғарғы деңгейін және тепе-теңдік күйдегі 88% деңгейге сәйкес келетін орташа экспозициясын берді. Тепе-теңдік күйіне емдеудің екінші күнінде жетеді.

Тері астына қайталап енгізуден кейін натрий эноксапарині тәулігіне 1 рет 4 000 ХБ (40 мг) және тәулігіне бір рет 150 ХБ/кг (1.5 мг/кг) дозада дені сау еріктілерде тепе-теңдік күйіне 2-ші күнге қарай жетеді, бұл ретте экспозиция коэффициенті бір рет енгізуден кейінге қарағанда, орта есеппен, 15% жоғары.

Тері астына тәулігіне екі рет 100 ХБ/кг (1 мг/кг) қайталап енгізуден кейін тепе-теңдік күйіне 3-4 күннен кейін жетеді, орташа экспозициясы бір рет енгізуден кейінгіге

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

қарағанда шамамен 65% жоғары, ал ең жоғарғы және ең төменгі концентрацияларының орташа мәндері, тиісінше, шамамен 1,2 және 0,52 ХБ/мл құрайды.

Енгізілген көлемі және 100-200 мг/мл диапазонынан асатын дозалар концентрациясы дені сау еріктілерде фармакокинетикалық параметрлерге ықпал етпеген.

Көрсетілген дозалау режимдерінде натрий эноксапаринінің фармакокинетикасы дозаға тәуелді сипатта болады.

Пациенттер топтарының ішіндегі немесе арасындағы ауытқу төмен. Тері астына қайталап енгізулерден кейін препарат жинақталмайды.

Тері астына енгізуден кейін қан плазмасында анти-Па белсенділігі анти-Ха белсенділігінен шамамен 10 есе төмен. Анти-Па белсенділігінің орташа ең жоғары деңгейі тері астына енгізуден кейін шамамен 3-4 сағаттан соң байқалады және тәулігіне екі рет 100 ХБ/кг (1 мг/кг) және тәулігіне бір рет 150 ХБ/кг (1.5 мг/кг) дозаларын қайталап енгізгенде, тиісінше, 0,13 ХБ/мл және 0.19 ХБ/мл мәндеріне жетуге болады.

#### *Таралуы*

Натрий эноксапарині анти-Ха белсенділігінің таралу көлемі шамамен 4,3 литр құрайды және қан көлеміне жуықтайды.

#### *Биотрансформациясы*

Натрий эноксапарині көбінесе бауырда метаболизденеді (төмен молекулалы, биологиялық белсенділігі өте төмен заттар түзілуімен десульфаттану және/немесе деполимеризациялану).

#### *Элиминациясы*

Натрий эноксапарині клиренсі төмен препарат болып табылады. Вена ішіне 150 ХБ /кг (1.5 мг/кг) дозада 6 сағат бойы енгізуден кейін плазмада анти-Ха клиренсінің орташа мәні 0,74 л/сағат құрайды.

Эноксапарин үшін тері астына бір реттік дозадан кейін 5 сағатқа жуық және препаратты көп рет дозалаудан кейін 7 сағатқа жуық жартылай шығарылу кезеңімен монофазалы шығарылу тән. Эноксапарин және оның метаболиттері бүйрек арқылы (қанықпайтын механизм) және өтпен шығарылады. Белсенді фрагменттердің бүйректік клиренсі енгізілген дозаның 10% жуығын, ал белсенді және белсенді емес компоненттерінің жалпы бүйректік экскрециясы енгізілген дозаның 40%-ын құрайды.

#### *Пациенттердің ерекше тобы*

##### *Егде жастағы пациенттер*

Қауымдық фармакокинетикалық талдау нәтижелерін негізге алғанда, бүйрек функциясы қалыпты кездегі жасырақ пациенттермен салыстырғанда, егде жастағы пациенттерде натрий эноксапаринінің кинетикалық бейіні ерекшеленбейді.

Алайда, бүйрек функциясының жас ұлғаюымен төмендейтіні белгілі екендіктен, егде жастағы пациенттерде натрий эноксапарині шығарылуының төмендеуін байқауға болады (4.2 бөлімін қараңыз).

##### *Бауыр жеткіліксіздігі*

Күніне бір рет 4 000 ХБ (40 мг) натрий эноксапаринін қабылдаған үдемелі бауыр циррозы бар пациенттерде жүргізілген зерттеуде ең жоғары анти-Ха-белсенділігінің төмендеуі бауыр жеткіліксіздігі ауырлығының (Чайлд-Пью санаттары бойынша бағаланатын) артуымен байланысты болды. Осы төмендеу, бауыр жеткіліксіздігі бар

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

пациенттерде негізінен АТШ синтезінің төмендеуіне қатысты салдарлы болатын АТШ деңгейінің төмендеуімен байланысты болды.

#### *Бүйрек функциясының бұзылуы*

Қан плазмасындағы анти-Ха клиренсі мен тепе-теңдік күйіндегі креатинин клиренсі арасында дозаға байланысты тәуелділік байқалды, бұл бүйрек функциясы төмендеп кеткен пациенттерде натрий эноксапарині клиренсінің төмендеуін көрсетеді. Фармакокинетикалық қисық астындағы аудан түрінде берілген анти-Ха әсері стационар жағдайында жеңіл (креатинин клиренсі 50-80 мл/мин) және орташа (креатинин клиренсі 30-50 мл/мин) бүйрек жеткіліксіздігінде тәулігіне бір рет тері астына қайталанатын 4 000 ХБ (40 мг) дозаларынан кейін мардымсыз артады. Бүйрек жеткіліксіздігі ауыр пациенттерде (креатинин клиренсі <30 мл/мин) тұрақты күйдегі фармакокинетикалық қисық астындағы ауданы, орта есеппен, 65% едәуір артады (4.2 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

#### *Дене салмағы*

Тері астына тәулігіне бір рет 150 ХБ/кг (1.5 мг/кг) қайталанған дозадан кейін, анти-Ха белсенділігінің орташа фармакокинетикалық қисық астындағы ауданы, артық дене салмағы жоқ бақыланатын субъектілермен салыстырғанда, артық дене салмағы бар (ДСИ 30-48 кг/м<sup>2</sup>) дені сау еріктілерде тепе-теңдік күйінде болымсыз жоғары болды, ал бұл ретте плазмадағы анти-Ха белсенділігінің ең жоғарғы деңгейі жоғарыламаған. Артық дене салмағы бар субъектілерде препаратты тері астына енгізу кезінде клиренсі (дене салмағы есебімен түзетілген) біршама аз.

Дене салмағын түзетусіз доза енгізгенде, онда 4 000 ХБ (40 мг) натрий эноксапаринін тері астына бір рет енгізуден кейін анти-Ха белсенділігі, дене салмағы қалыпты бақыланатын субъектілермен салыстырғанда, дене салмағы төмен (45 кг-ден аз) әйелдерде 52% жоғары және дене салмағы төмен (57 кг-ден аз) ерлерде 27% жоғары болатыны анықталды (4.4 бөлімді қараңыз).

#### *Гемодиализ*

Натрий эноксапаринінің фармакокинетикасы бір рет вена ішіне енгізгеннен кейін 25, 50 немесе 100 ХБ/кг (0,25, 0,50 немесе 1,0 мг/кг) бақылау популяциясының көрсеткіштеріне ұқсас болды, алайда фармакокинетикалық қисық астындағы ауданы бақылау тобындағыдан екі есе жоғары болды.

#### *Фармакокинетикалық өзара әрекеттесуі*

Натрий эноксапарині мен тромболитиктер арасында оларды біріктіріп қолдану кезіндегі фармакокинетикалық өзара әрекеттесулер анықталмады.

### **5.3 Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері**

Натрий эноксапарині *in vitro* тестілері негізінде, соның ішінде Эймс тесті, тышқандардың лимфома жасушаларының тікелей мутациясының тесті мутагендік белсенділікті көрсеткен жоқ, адам лимфоциттерінің *in vitro* хромосомалық аберрация тесті және егеуқұйрықтың сүйек кемігінің *in vivo* хромосомалық аберрация тесті негізінде кластогендік белсенділікті көрсеткен жоқ.

Буаз егеуқұйрықтар мен үй қояндарында натрий эноксапаринінің тәулігіне 30 мг/кг дейінгі тері асты дозаларын енгізу кезінде жүргізілген зерттеулер тератогендік

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

эсерлердің немесе фетоуыттылықтың қандай да бір дәлелдерін анықтаған жоқ. Натрий эноксапарині тері астына салынған 20 мг/кг/тәулікке дейінгі дозаларда еркек және ұрғашы егеуқұйрықтардың фертильділігіне немесе тұқым өрбіту функциясына әсер етпейтіні анықталды.

Егеуқұйрықтарда да, иттерде де теріастылық уыттылығына жүргізілген 13-апталық зерттеулерде 15 мг/кг/тәулік кезінде және егеуқұйрықтарда да, маймылдарда да теріастылық және венаішілік уыттылығына жүргізілген 26-апталық зерттеулерде 10 мг/кг/тәулік кезінде, натрий эноксапаринінің антикоагулянттық әсерлерінен тыс, жағымсыз әсерлерінің қандай да бір дәлелдері болмады.

## **6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**

### **6.1 Қосымша заттар тізбесі**

Инъекцияға арналған су

### **6.2 Үйлесімсіздігі**

*Теріастылық инъекция:*

Басқа препараттармен араластыруға болмайды.

*Венаішілік (болюсті) инъекция (тек ST сегментінің көтерілуімен жедел миокард инфарктісі кезіндегі көрсетілімдер үшін):*

Натрий эноксапаринін натрийдің физиологиялық ерітіндісімен (0.9%) немесе судағы 5% декстроза ерітіндісімен қауіпсіз енгізуге болады. (4.2 бөлімді қараңыз).

### **6.3 Жарамдылық мерзімі**

3 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

### **6.4 Сақтау кезіндегі айрықша сақтандыру шаралары**

Түпнұсқалық қаптамасында жарықтан қорғалған жерде 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Мұздатып қатыруға болмайды.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Алдын ала толтырылған шприц бір рет қолдануға арналған.

Пайдаланылмаған препаратты утилизациялау керек.

### **6.5 Шығарылу түрі және қаптамасы**

Инъекцияға арналған 4000 анти-Ха ХБ, 6000 анти-Ха ХБ, 8000 анти-Ха ХБ ерітінді.

0.4 мл, 0.6 мл, 0.8 мл препараттан I типті түссіз шыны шприцтерде.

Бір шприцтен пластик контейнерге салады.

2 немесе 10 (4000 анти-Ха ХБ/0,4 мл доза үшін) контейнерден медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

### **6.6 Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданудан**

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

**немесе онымен жұмыс істеуден кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі айрықша сақтану шаралары.**

Ерекше талаптары жоқ.

Қолданылмаған кез-келген препарат немесе қалдықтар қолданыстағы заңнамаға сәйкес утилизациялануы керек.

#### **6.7 Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецепт арқылы

#### **7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ**

АТАБАЙ КИМБЯ САН. БЕ ТИДЖ. А.С

Acibadem, Koftuncu sok. No:1

34718 Kadıkoy, Стамбул, Түркия

тел: +90 (216) 326 69 65

факс: +90 (216) 340 13 77

[info@atabay.com](mailto:info@atabay.com)

#### **7.1. ТІРКЕУ КУӘЛІГІ ҰСТАУШЫСЫНЫҢ ӨКІЛІ**

Тұтынушылардың шағымдарын мына мекенжайға жолдау керек:

«WHITE SAIL басқарушы компаниясы» ЖШС

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 1 ш. а., 61/1 үй

Тел/факс: +7 777 727 27 07

Электрондық пошта: [whitesail20@mail.ru](mailto:whitesail20@mail.ru)

#### **8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ**

#### **9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН (ТІРКЕУ, ҚАЙТА ТІРКЕУ РАСТАЛҒАН) КҮН**

Бірінші тіркеу күні:

Тіркеу (қайта тіркеу) соңғы рет расталған күн:

#### **10. МӘТІН ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮН**

Дәрілік препараттың жалпы сипаттамасын ресми сайттан қарауға болады

<http://www.ndda.kz>

Решение: N079607

Дата решения: 25.09.2024

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кенжеханова А. Ж.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе